

Father's Childhood Story – Part 1

Kazakh transcript:

Менің әкемнің өмірі, мен ойлағанымша, көп сол өзінің замандастарының өміріне ұқсас. Сонымен менің әкем Сәмен Әмірғалы ұлы – өте жақсы, өте көңілді адам болған. Бір мың тоғыз жүз жиырма екінші жылы туған. Ерте жасында олар әкесіз қалып, жетім болып өмір сүрген. Шешелері (менің апам) және үш бала. Соның ішінде ең үлкені менің әкем болатын. Тоғыз жасында менің әкем үйдегі ердің орына жұмысын істеп, тамағын тауып, қолынан келген істерін істеп, туыстарына көмектесіп жанталасып жүгіріп өмір сүрген. Сонда бір күні әкем тірі болған кезде осы әңгіме маған айтып берді. Қыс түсер кезінде қазақтар соғым сояды. Қыс бойы жейтін ет дайындайды. Малдары бар адамдар өздерінің соғымдарын сойып, дайындап еттерін қысқа, терілерін іс қылып, сүйтіп қысқа дайындалатын. Ал менің әкемнің семьясы кедей болды. Сонда менің әкем қайткен. Ол кісі мал соятын жерлерге барып, адамдарға көмектеседі. Сол көмек үшін басқа адамдар оған біреуі кішкене ет болсын, біреуі шек қарын қалған. Сүйтіп-сүйтіп әрбірден аздап-аздап ет жинап, сол етті үйіне әкеліп өзінің шешесіне, бауырларына менің әкем көмек көрсететін. Сонымен бір күні солай менің әкем мал соятын жерге келіп, күні бойы жүгіріп, бәріне көмектесіп, өзінің кішкентай шанасына елден жиналған етті салып, үйіне қарай қайтпақшы болған. Қыста күн тез батады. Ал аттары бар, жылқылары бар адамдар тезірек-тезірек қайтып кетеді де, менің әкем ең ақырында жалғыз қалып ақырындап үйіне қарай бара жатады. Сүйтіп бара жатқан кезде қараңғы түсіп. Жан-жақта ауыл жоқ, елдерін бәрі кетіп қалды. Менің әкем, тоғыз жастағы бала, жаңғыз өзі бір шаңа етін суйретіп үйге келе жатады. Бір уақыттан кейін алыста қасқырлардың дауыстары шығады. Бұл қасқырлар еттің иісің сезіп, менің әкемнің артынан келе жатады. Оның бәрін, жаңағы бала, ауылда өскен бала, жер көріп, аңдар көріп өскен бала тез сезеді де, тезірек жүрмекші болады. Шаңасын тастауға қимайды. Бір қыстық еті бар. Ол кісі асығып жүреді. Бірақ жаңағы қасқырлардың дауыстары жақындай бастайды. Біреу емес, бірнеше қасқырлар сезіп бұл үлкен адам емес екенін... жан-жақтан жинала бастайды.

English translation:

I think that my father's life was like the majority of his contemporaries' lives. So, my father Samen, son of Amirgali, was very good and joyful. He was born in 1922. At an early age he had lost his father and grew up an orphan.¹ His mother, my grandmother, had three children. The eldest was my father. At the age of nine, my father started to do a man's work in their house. He began to provide food. He did what he could, and he also helped his relatives. One day, when my father was alive, he told me this story. At the time when winter begins the Kazakhs prepare meat. They prepare food for the whole winter. People who have cattle slaughter them, prepare the meat and skin for winter. My

¹ Even if the kids have only one parent, sometimes they are still considered orphans.

father's family was poor. So, what did my father use to do? He went to the butcher to help others. For his help, people would give him a bit of meat. So, he would collect meat little by little from many people and would bring it to his house, thus helping his mother and brothers. One day my father came to the butcher and after the whole day of helping people, my father had put meat into his small sledge and decided to go home. In winter it becomes dark very early. So, all people who had horses went home riding, but my father remained alone and went home on foot. So, while he was walking the night came. There was no settlement around him, all people were already gone. My father, a nine-year-old child, was walking all by himself with his sledge full of meat. After some time he heard a wolf howling in the distance. The wolves sensed a smell of meat and were going after my father. Having been raised in the village and having seen different animals in his life, he immediately understood the situation and decided to go faster. But he didn't want to drop his sledge. He had meat for the whole winter! He went very fast. But wolf's howling became closer and closer. Not one wolf but several wolves understood that he was not a big man and they were coming closer and closer.

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated